



**БЕКІТІМІН**  
«Тайғос ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» ҚММ  
мектеп директоры  
С.Алиева  
« 29 » 08 2025ж.

**КЕЛІСЕМІН**  
Директордың бастауыш сыныптар  
бойынша оқу ісінің меңгерушісі  
Г.Б.Куанышова  
« 29 » 08 2025ж.

**Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА  
ҚАРАЛДЫ**  
Хаттама №1  
Бірлестік жетекшісі  
А.С.Жамбыл  
« 25 » 08 2025ж.

# «ҚЫЗЫҚТЫ ГРАММАТИКА» таңдау пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

**Мұғалім:** Куанышова Гулжайна Бердибековна  
**Сыныбы:** 2 «А»

# ҚЫЗЫҚТЫ ГРАММАТИКА



**УДК 373**  
**ББК 74.244.5**

«МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ  
АГЕНТТІК» ҚАБЫЛДАНДЫ ЖӘНЕ  
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ  
СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ  
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЕ БИБЛИОГРАФИЧЕСКОЕ  
АГЕНТСТВО» ПРИНЯТО И ПРОВЕДЕНО  
БИБЛИОГРАФИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ  
27.01.2021

**Рецензенты:**

**Мұқатаев О.О.** педагог мастер, Қазақстан Республикасы «Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

**Қызықты грамматика** /құрастырған.: **Босымбаева А.А., Тілеубай Б.М., Байғараева А.Б., Сариева М.М.** – Шымкент қаласы: бастауыш сынып мұғалімдері, 2020. – 67б.

**ISBN 978-631-8271-78-6**

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби ауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық мағлұматтарды меңгертуге бағытталған

**УДК 373**  
**ББК 74.244.5**

«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «27» қаңтардағы №1 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды

**ISBN**

**978-631-8271-78-6**

© ҚР «Өркениет» ҒӘО, 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ÓRKENIET» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІКТІҢ БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ



**Рецензенттер:**

Рецензенттер: «Órkeniet» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері  
О.О. Мұқатаев

**Құрастырған:** Шымкент қаласы №64 Ж.Аймаутов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі **Босымбаева Ажар Абдураимовна**  
Шымкент қаласы №64 Ж.Аймаутов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі **Тілеубай Бибігүл Молдабекқызы**  
Шымкент қаласы №64 Ж.Аймаутов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі **Байғараева Айнұр Бейнбетқызы**  
Шымкент қаласы №64 Ж.Аймаутов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі **Сариева Мөлдір Мырзаханқызы**

© Қазақстан Республикасы «ÓRKENIET» ғылыми-әдістемелік орталығы  
2021 жыл

## Түсінік хат

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі, қоғам дамуындағы жаңа бағыттар еліміздің болашағы, бүгінгі мектеп оқушыларын оқытуға жаңа міндеттер қойып отыр. Мұның өзі әрбір мұғалімнен оқу үрдісін қайта қарауды, сонымен қатар қалыптасқан әдістер мен технологияларды жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыруды қажет етеді. Жана үрдістерді әр сабақтың мақсат - міндетіне сәйкес тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Сауатты және көркем жазу оқушыларды нақтылыққа баулиды. Оқушы қабілетінің ерекшелігіне, психологиялық жағдайына жазу тікелей байланысты. «Қызықты грамматика» оқытудың басты мақсаты – оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазу, сөздерден сөйлем құрастыра білу, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту. «Қызықты грамматика» дәптері 34 сабаққа негізделіп жасалынған, 5 бөлімнен тұрады. Әр сабаққа тақырыптың деңгейіне қарай 4-5 жаттығудан берілген.

**Бірінші жаттығуда** – үлгідегі әріп элементтерін және сөздерді көркем жазуға негізделген.

Бұл тапсырманы оқушы өз бетімен орындайды.

**Екінші жаттығуда** – өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды жаттай отырып, қатесіз әрі көркем етіп көшіруге негізделген.

**Үшінші жаттығуда** – Сауатты, көркем етіп көшіріп жазуға ынталандыру мақсатында ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөліп жазу жаттығулары ұсынылған.

**Төртінші, бесінші жаттығуларда** – оқушының шығармашылық қабілетін ашуға, танымдық ойлау шеберлігін шыңдауға бағытталған. «Венн диаграммасы», «Топтастыру», «Ішіне-сыртына», «5 минуттық эссе жазу» әдіс-тәсілдері, сонымен қатар «Сөз терім», «Оқиық, ойланайық» ойындары, ой әсемдігін мәнерлі жазбаша тілде жеткізуге, қысқаша мәтін құруға, сурет бойынша әңгіме жазуға негізделген.

Жыл аяғында оқушылар көркем жазуды, қатесіз көшіріп жазуды сапалы және нақты

орындауға үйренеді.

**Оқу пәнінің мақсаты :**

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

**Міндеттері :**

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл –ойының дамуына, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндіктерін туғызу .
- Зерделеу, есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Өзіне деген сенімін арттыру.
- Оқушыны белгілі бір тақырып көлемінде ой жүйесін құруға, образға ену, топпен талқылауға бағыттау.

- Әріптерді қосып, буын, сөз жазу машықтарын жетілдіріп, жазу жаттығуларын ұдайы жүргізу .
- Жеке сөздерді, сөйлемдерді қатесіз көшіруге және айтылуы емес жазылуы бойынша дұрыс жазуға машықтандыру

#### **Күтілетін нәтиже :**

1. Әріп элементтерін, әріптерді көркем жазуға қалыптасады
2. Оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, теріп жазу әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.
3. Мәтінді көшіріп жазу, өлеңдерді , мақал – мәтелдерді, жұмбақ – жаңылтпаштарды жатқа жазу, ойдан әңгіме құрастыру біліктіліктері дамиды .
4. Таным белсенділігі артып, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктері дамиды.
5. Оқушы өздігінен ізденуге үйренеді, көркем жазуға қалыптасады
6. Оқушының өзін-өзі тану қабілеті дамып, оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша өзіне-өзі ұдайы талдау жасауға, өзіне баға беруге қалыптасады.
7. Жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы шығарма, эссе немесе хат жазу, өлең құрастырады, сұрақтарға жазбаша жауап береді. Қатесіз, көркем жазуға дағдыланады.

#### **Пәнді меңгеру деңгейінің талаптары:**

1. «Көркем жазу» сабағында үйрету жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білу;
2. Пәннің мақсаты комплексті түрде ескерілуі тиіс.
3. Берілген тапсырмалар жоспарлы түрде, белгілі бір жүйемен, оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерінің негізінде жүргізілуге тиіс.
4. Психологиялық, педагогикалық және гигиеналық талаптар ескерілуі тиіс.
5. Берілген жаттығулар оқушы дайындығының деңгейіне сәйкес болуы және денсаулығын сақтауға бағытталуы тиіс.
6. Оқушының өзіндік жұмысына құрметпен қарау.
7. Оқушы шығармашылығына дұрыс бағыт-бағдар беріп отыру.

#### **Таңдау сабағының тақырыбының мазмұны.**

Оқушыларға жазу дағдыларын меңгертуде алдымен сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді, өлең жолдарын мән беріп оқығанын, жете түсінуін қадағалау. Әрбір сөзді қатесіз , көркем жазу үшін мәтіндегі, өлеңдердегі түсініксіз сөздерге түсініктеме берілуі қажет.

Оқушының көшіріп көркем жазуға , жатқа жазуға қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты өлең жолдары , жұмбақтар , жаңылтпаштар , мазмұнды мәтіндер енгізілген.

«Көркем жазу» дәптерінің соңғы жаттығуларында оқушыны ынталандыру үшін мәтін құрастыруға, эссе жазуға, сурет бойынша сөйлем құрастыруға тақырыптардың атына сай суреттер енгізілген. Тақырыпқа сай берілген суреттер оқушыны жан- жақтылыққа, танымдық ойлау шеберлігінің шыңдалуына, ой әсемдігін көркем жаза білуіне жетелейді.

## **Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады.**

**Бірінші бөлімде** -- жуан айтылатын дауысты дыбыстар.

**Екінші бөлімде** -- жіңішке айтылатын дауысты дыбыстар.

**Үшінші бөлімде** – қатаң дауыссыз дыбыстар.

**Төртінші бөлімде** – ұяң дауыссыз дыбыстар.

**Бесінші бөлімде** – үнді дауыссыз дыбыстар.

Әр бөлімде дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуы мен жазылуы туралы мағлұмат беріледі.

Оқушы дыбыстық талдауға, көп нүктенің орнына әріптерді қоя білуге, сөздерді буынға бөліп жазуға, өлең жолдарын, мәтіндерді қатесіз, көркем жазуға үйренеді.

Осындай жаттығулар арқылы оқушының жазба тілі қалыптасып, жазуға деген ептілігі арта түседі.

Оқушы мәтін құрастыруға, сөзжұмбақтар шешуге, сурет бойынша әңгіме құрастыруға қызығушылық қабілеті артады.

### **Білімді меңгеру деңгейін тексеру**

1. Оқушылар жаттығуды тиянақты орындауға тырысады.
2. Сабақта өтілген тапсырмалар қорытындыланады.
3. Сұрақ – жауап әдісі арқылы білім бекітіледі .
- 4 .Оқушылар мазмұнды сұрақ қоюға дағдыланады.

Оқушылардың сабақ барысында алған білім мен біліктіліктерін байқау және бекіте түсумақсатында оқыған өлеңдері , жаттаған жұмбақ , жаңылтпаштары, сөздерден сөйлем құрап жазуы , топтастыру жұмыстары қамтылған.Ұсынылып отырған «Көркем жазу» бағдарламасының әрбір сабағы оқушының қызығушылығын оята білсе, жазуға ынталандырса,оның мақсаты толық орындалған болып есептеледі.

### **Әдістері:**

1. Көркем жазу
3. Ойын әдістері
4. Топтастыру
5. Мағынаны білу
6. Ситуациялық сұрақтар
7. Сұрақ-жауап
8. Ой толғанысы
9. Ой шақыру
10. Салыстыру

### **Мұғалімдерге арналған әдебиеттер тізімі.**

1. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Г. Ж. Тұрдалиева
2. Бастауыш сынып журналдары 2003 жыл, 2005 жыл, 2010 жыл
3. Кіші жастағы оқушылардың жазба тілін дамыту. С.Р. Рахметова
4. Озық тәжірибе журналдары 2013 жыл. 2014 жыл
5. «Қазақ тілінің мәдениеті» Алматы 1995 жыл М.Болоқаев
6. Көркем әдебиет. 2003 жыл . К.А. Сатыбалдиев. К. Т. Байғабылова
7. Әдебиеттік оқу хрестоматиясы 2003 жыл. Бидана Қабатаева. Бижан Игенбаева.
8. Қазақ тілі оқулығы 2 сынып «Атамұра» 2013 жыл
9. Әдебиеттік оқу 2 сынып «Атамұра» 2013 жыл. Б. Т. Қабатай. С.Р. Рахметова
10. «Мектептегі психологиялық қызметті жетілдіру» Алматы 2012 жыл. М.А. Ускенбаева .

### **Оқушыларға арналған әдебиеттер тізімі**

1. Халық даналығы Алматы 1976 жыл. Б. Адамбаев.
2. «Ел аузынан» Алматы 1995 жыл. Б. Адамбаев.
3. Қуырмаш журналдары 2011. жыл , 2013 жыл.
4. Мөлдір бұлақ журналы 2010 жыл.
5. Ана тілі оқу хрестоматиясы 2003 жыл. Б. Қабатаева. Б. Игенбаева.
6. «Асыл сөз» Жалын 1987 жыл. Б. Ысқақов.

**2-сынып**  
(Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат)

№	Мазмұны	Сағат саны	Зерттелетін материал мазмұны	Оқушыларға берілетін тапсырма	Мерзімі
<b>Дауысты дыбыстар</b>					
<b>1. Жуан дауысты дыбыстар</b>					
1	Дауысты А а дыбысы	1	Көркем жазуға төселдіру.	Эссе жазу	04.09.2025
2	Дауысты О о дыбысы	1	Әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазу	11.09.2025
3	Дауысты Ұ ұ дыбысы	1	Көшіріп жазу кезінде әріп элементтерін дұрыс жаза білу.	Өлеңнің мағынасын ашу.	18.09.2025
4	Дауысты Ы ы дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу	Көп нүктенің орнына әріпті қойып жазу	25.09.2025
<b>2. Жінішке дауысты дыбыстар</b>					
5	Дауысты Ә ә дыбысы	1	Әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жазу.	02.10.2025
6	Дауысты Е е дыбысы	1	Әріптерді қол үзбей, тұтастыра, көркем жазу.	Жеті қазынаға қатысты сөздерді теріп жазу.	09.10.2025
7	Дауысты И и дыбысы	1	Жазу кезінде әріп ұқсастықтарына көңіл бөлу.	Өлең жолын құрастыру .	16.10.2025
8	Дауысты Ө ө дыбысы	1	Сауатты және таза, көркем жазуға төселдіру.	Мәнерлеп оқу. Кестені толтыру	23.10.2025
9	Дауысты Ү ү дыбысы	1	Сауатты, көркем жазу.	Мақал- мәтелдердің жалғасын табу.	06.11.2025
10	У у дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Күн аттарын жазу	13.11.2025
11	Дауысты Э э дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Тақырыпты ашу. Жұмбақты шеше білу.	20.11.2025
12	Дауысты Ю ю дыбысы	1	Сауатты, көркем жазу.	Мағынасын ашу, мақалдар жаттау.	27.11.2025
13	Дауысты Я я Дыбысы	1	Көшіріп жазуға төселдіру	Сөзжұмбақты шешу.	04.12.2025

<b>Дауыссыз дыбыстар.</b>					
<b>1. Қатаң дауыссыз дыбыстар</b>					
14	Дауыссыз Кк дыбысы	1	Көшіріп жазу кезінде әріп элементтерін дұрыс жаза білу.	Өлеңнің мағынасын ашу.	11.12.2025
15	Дауыссыз Ққ дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу	Жаңылтпашты жатқа жазу.	18.12.2025
16	Дауыссыз Пп дыбысы	1	Сөздер арасындағы қашықтықты сақтап көшіріп жазу.	Буындардан сөз құрап жазу.	25.12.2025
17	Дауыссыз Сс дыбысы	1	Әріп элементтері арасындағы қашықтықты сақтап жазу.	Жұмбақтың шешуін табу.	08.01.2026
18	Дауыссыз Тт дыбысы	1	Көркем жазуға төселдіру.	Тест жұмысына дайындық.	
19	Дауыссыз Фф дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Жұмбақты шеше білу.	22.01.2026
20	Дауыссыз Хх дыбысы	1	Әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Кейіпкерге хат жолдау.	29.01.2026
21	Дауыссыз Ыы дыбысы	1	Әріп емлесін үлгі бойынша орындау	«Сөз терім» ойынын ойнау.	05.02.2026
22	Дауыссыз Шш және Щщ дыбыстары		Жазу кезінде әріп ұқсастықтарына көңіл бөлу.	Өлең мағынасын түсініп оқу.	12.02.2026
<b>2. Ұяң дауыссыз дыбыстар</b>					
23	Дауыссыз Б б дыбысы	1	Әрбір әріп элементтерінің емлесін дұрыс салу.	Тақырыпты ашу. Жұмбақты шешу	19.02.2026
24	Дауыссыз Вв дыбысы	1	Қол үзбей, тұтастыра жазу.	Тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрау.	26.02.2026
25	Дауыссыз Г г дыбысы	1	Әріптерді салу ережесіне көңіл бөлу.	Өлеңнің мағынасын ашу.	05.03.2026
26	Дауыссыз Ғ ғ дыбысы	1	Сауатты, көркем жазу.	Өлеңдер жаттау.	12.03.2026
27	Дауыссыз Д д дыбысы	1	Әріптердің әрқайсысының жазылу емлесін білу.	Сурет бойынша әңгіме құрау.	02.04.2026
28	Дауыссыз Ж ж дыбысы	1	Әр әріпті өз емлесімен салуды үйрету.	Сурет бойынша мәтін жазу	09.04.2026
29	Дауыссыз З з дыбысы	1	Партада отыру, дәптерді қою	Өз ой-пікірін жазу	16.04.2026

			ережелерін еске түсіру.		
<b>3. Үнді дауыссыз дыбыстар</b>					
30	Дауыссыз Лл дыбысы	1	Сөздер арасындағы қашықтықты сақтап көшіріп жазу.	Сипаттау мәтінін құрау.	23.04.2026
31	Дауыссыз Мм дыбысы	1	Әріптерді салу ережесіне көңіл бөлу.	Сурет бойынша сөйлем құрау.	30.04.2026
32	Дауыссыз Нн және ң дыбысы	1	Сөздерді қатесіз, көркем етіп жазу.	Әңгіме құрастыру.	14.05.2026
33	Дауыссыз Рр дыбысы	1	Сөздерді байланыстырып жазуға үйрету.	Дыбыстық талдау жасау.	14.05.2026
34	Көркем етіп жазайық.	1	Әріп емлесін үлгі бойынша жазып шығу.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру.	21.05.2026
	Барлығы:	34			



# 1 сабақ

# Дауысты А а дыбысы

1 – жаттығу. Аа әрпін сөздерді көркем етіп жаз.

Аа  
Аа  
алма  
алау

2 - жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, көшіріп жаз.

Ұнатамын көркем жазу сабағын,  
Әріптерді әп-әдемі жазамын.  
Жаңылтпаш, жұмбақ, өлеңдерді,  
Қызыға жаттап аламын.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3- жаттығу. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп , көшіріп жаз.

1. Ақыл- тозбайтын тон,  
Білім – таусылмайтын  
кен.
2. Ақыл жастан , асыл тастан шығады.
3. Ақылы көпті дау алмайды, досы көпті жау алмайды.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

---

---

---

---

4 – жаттығу. «Алғашқы ұстазым» тақырыбына шағын эссе жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---



## 2 сабақ Дауысты О о дыбысы

1 – жаттығу. О о әрпін және сөздерді көркем жаз.

О о

О о

отан

оқушы

2 жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

### Отан

Отан деген – атамекен,  
Отан деген – туған жер.  
Отан – ана,  
Отан үлкен.  
Қазақстан – туған ел!



---

---

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу Сөзжұмбақтың шешуін тауып , аттарын жаз

	о						
	р						
	м						
	а						

1. Тіп – тіке құлағы  
Елеңдеп тұрады.
2. Бал беретін жәндік
3. Ара бағушы адам

4. Ағаштың аты
5. Қай жәндікке қарап  
тікұшақ жасауды үйрендік?

4 жаттығу. Мына сөз тіркестерін қолдана отырып, «Туған жер» тақырыбына әңгіме жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---



### 3 сабақ      Дауысты Ұ ұ дыбысы


1-жаттығу.      Ұ ұ әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.



2 – жаттығу.      Жаңылтпашты жатқа жаз.

Бұл - бұлбұл,  
Бұл - дүлдүл.

Бұлбұл - құс,  
Дүлдүл - ат.



3 жаттығу.      Мына сөздерге тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз.


Ұ ма?

Ү ма?

Б...лб...л, к...рек, қ...стар, қ...рт, т...лкі, ...йрек, т...йме, ...шқыш.

Ұ

Ү



4 – жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.

Көлдiң мұзын күн тестi,  
Аппақ тонын жер шештi.  
Жан-жақтан күн күркіреп,  
Жаңбыр жауды сiркiреп.

---

---

---

---

---

---

---

---

5– жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---



## 4 сабақ Дауысты Ы ы дыбысы

1 – жаттығу. Ы ы, І і әріптерін және сөздерді көркем етіп жаз.


Ы ы

І і

ырыс

ішік


2- жаттығу. Көп нүктенің орнына ы әрпін қойып, сөздерді көшіріп жаз.



... СТЫҚ

... ДЫС

... РЫС



... ЛДИ

... НТЫМАҚ

... ҚЫЛАС

---

---

---

---

---

---

3-жаттығу. Дұрыс жазылған сөздерді көшіріп жаз.

Тоқу-тоқыу

Оқу-оқыу

Тору-торыу

жібу-жібүү

жүру-жүрүү

күлу-күліу

жону- жоныу

ору- орыу

алу-алыу

---

---

---

---

---

---

4-жаттығу. Күн аттарын толықтырып жаз.



Бірінші күн - \_\_\_\_\_  
Екінші күн - \_\_\_\_\_  
Үшінші күн - \_\_\_\_\_  
Төртінші күн - \_\_\_\_\_  
Бесінші күн - \_\_\_\_\_  
Алтыншы күн - \_\_\_\_\_  
Жетінші күн - \_\_\_\_\_

5 – жаттығу. Мына сөздердің ішіндегі сандарды сөздермен толықтырып жаз.

К2-лік, 7қарақшы, бауыз, ббақан, 5ік , 7ген

---

---

---

---



## 5 сабақ

## Дауысты Ә ә дыбысы

1 – жаттығу. Әә әрпін және сөздерді көркем жаз

Әә

Әә

әнші

әке

2- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

### Жұмбақ

... рі шешен, ... рі ... нші, ... рі күйші ,  
... р үйде бар, тапқышым, к ... не, тапшы ?

Шешуі : ( )

3- жаттығу Өлеңді көшіріп жаз.

Ана тілің арың бұл,  
Ұятың боп тұр  
бетте. Өзге тілдің  
бәрін біл, Өз тіліңді  
құрметте.

4- жаттыгу Мына сөздерді буынға бөліп көшіріп жаз.





## 6 сабақ Дауысты Е е дыбысы

1 –сабақ Е е әрпін көркем жаз.

Ее

Ее

емен

елік

2 – жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып, жатқа жаз.

Екеуі тыңдап,  
Екеуі көреді,

Біреуі сөйлеп,  
Екеуі оларды көтеріп келеді .

Шешуі : ( \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_ )

3 –жаттығу. Жемістердің атын 1- қатарға, көкөністердің атын 2 – қатарға көркем етіп жаз.



Жемістер :

Көкөністер :

4- жаттығу. Жеті қазынананың мағынасын түсініп, жеті қазынаға қатысты сөздерді теріп жаз.

- |                                        |                                         |
|----------------------------------------|-----------------------------------------|
| 1. Жүйрік аты –<br>Жігіт қаны, қанаты. | 5. Қақпан – тұзақ -<br>Ау жылымы, әдісі |
| 2. Қыран құсы -<br>Қарым күші қуаты.   | 6. Өнер - білім,<br>Байлығының мәндісі. |
| 3. Алғыр иті -<br>Бастан берік сенімі. | 7. Қазан – ошақ,<br>Берекесі тірліктің. |
| 4. Берен мылтық,<br>Сөнбес оты, серігі | Осы жеті<br>Қазынасы жігіттің.          |

1.	5.
2.	6.
3.	7.
4.	



## 7 сабақ Дауысты И и, дауыссыз Й й дыбыстары

1 – жаттығу. Ии және Йй әріптерін көркем жаз.

Ии

Йй

иие

түйіме

2 жаттығу. Оқиық, ойланып жауап жазайық .

«И» мен «й» - ді  
Күніне,  
Неше үйретем ініме.  
«И» - ді неге қысқа «й» деп,  
Түсінбейді түгіне.  
Қайтем оны,  
Білмеймін?  
Нендей амал іздеймін?

и және й әрпі кездесетін сөздерді жаз.

1.

2.

3 – жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып көшіріп жаз.

Өзі төрт қанатты,  
Және алты аяқты.  
Сонда да тікұшақ,  
Моделі сияқты

Шешуі: ( )

3 жаттығу. Мына сөздерді буынға бөліп жаз.

Қайың, мойын, үйрек, қайың, ойын, түйе, жайын, айна, ине, илеу,  
итмұрын, ителгі, киік, икемді.

4 – жаттығу. Өлең жолын құрастыру .

\_\_\_\_\_ сыйлаймын,  
\_\_\_\_\_ тыңдаймын.  
\_\_\_\_\_ аламын,  
\_\_\_\_\_ баламын.



## 8 сабақ Дауыссыз Ө ө дыбысы

1 – жаттығу. Өө әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Өө

Өө

өзен

өмір

2 - жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, көшіріп жаз.

Әлди, әлди, бөпешім,  
Әлпештейін, көкешім.  
Тербетейін, жата ғой,  
Тәтті ұйқыға бата ғой.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3- жаттығу. Түбір сөздерге қосымшаның тиістісін жалғап жаз.

Өнер	...ші
өрмек	...шік
қой	...дық
көл	...паз
орын	...шы

---

---

---

---

---

---

4 – жаттығу. Сурет бойынша «Біздің көл» тақырыбында мәтін құрап жаз.



---

---

---

---


---

---




## 9 сабақ Дауысты Ү ү дыбысы

1-жаттығу. Үү әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.



2 – жаттығу . Бөліктердің ортасына ү дыбысын қойып, мағыналы сөздерден сөйлем құрап жаз.



Ү



---

---

---

---

---

3– жаттығу. Өлеңді жатқа  
жаз **Ана -- біздің**  
**күніміз** Ана -- біздің  
күніміз, Ана -- біздің  
гүліміз.  
Ұландарды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз!

---

---

---

---

---

---

---

---



4– жаттығу . Мақалдардың жалғасын тауып, көшіріп жаз.

1. Ел іші - ...
2. Жері байдың...
3. Өз елім - ...
4. Отансыз - ...  
Ормансыз - ...

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



## 10 сабақ Дауыссыз У у дыбысы

1 – жаттығу. Уу әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.


Уу  
Уу

қууын

жауын

2 – жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жаз .

Уықтардың барлығын,  
Уыққапқа сал күнім.  
Уыққапқа салған соң,  
Уыздан жеп ал күнім.



---

---

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу. Дауысты у дыбысы бар сөздерді күннің қатарына, ал дауыссыз у дыбысы бар сөздерді айдың қатарына жаз.

Тау, қауын, жуан, ауыл, ту, тулақ, қуаныш, науа, Дәурен, дауылпаз, қауынғақ, алуан, хайуанат, тауық.



---

---

---

---



4 – жаттығу . Мәтінді көшіріп жаз. Уу әрпінің сөздің басында, ортасында, соңында жазылуына назар аудар.

Менің атым - Уәли. Мен сурет салғанды жақсы көремін. Әкем маған түрлі бояу, қылқалам, қарындаштар әкеліп берді. Мен әдемі сурет салдым.

---

---

---

---

---

---

---

---



## 11 сабақ Дауысты Э э дыбысы

1 – жаттығу. Ээ әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Ээ

Ээ

электр

экватор

2 – жаттығу. Көшіріп жаз және есіңе сақта.

Экран, аэроклуб, элеватор, аэроплан, экспедитор, экскаватор, эстрада, экология.

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу. Электр шамы туралы сөз ұйқасын құрастыр.

### Сөз ұйқасы

... алмұрт

... барша жұрт.



---

---


---

---

---

---

4 – жаттығу. Бос торкөздерді э дыбысынан басталатын сөздермен толықтыр.



## 12 сабақ Дауысты Ю ю дыбысы

1 – жаттығу. Ю ю әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Ю ю

Ю ю


аю

ою

2 – жаттығу. Жаңылпашты жатқа жаз.

### Жаңылпашты

Оюшы ою ойды,  
Оюды ойша ойды.  
Оюшы оюын  
Ойынан ойлап ойды.



3-жаттығу. Сөздерді дұрыс байланыстырып, көркем етіп жаз.

Бұлбұл  
Шымшық  
Қарға  
Қаз



қарқылдайды  
қаңқылдайдайды  
сайрайды  
шықылықтайды


---

---

---

---

4 – жаттығу. Жұлдызша ішіндегі дұрыс жазылған сөздерді теріп жаз.



---

---

---

---

5 – жаттығу. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз .

Салды, әжем, ою, сырмаққа.

Үлкен, мектепте, бар, кітапхана.

Аю жүгіре, қорбаңдаған, жөнелді.



## 13 сабақ Дауысты Я я дыбысы

1 – жаттығу. Я я әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Я я

Я я

қияр

қоян

2 – жаттығу. Мына сөздердің жазылуын есте сақтап, көшіріп жаз.

Дияр, қоян, бояу, Аягөз, Сырдария, сия, қияр, тақия, таяқ, саяз.

3 – жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

Ұмытпай күнде,  
Су құям гүлге.  
Жайнайды гүлім,  
Құлпыртып түрін.





## 14 сабақ Дауыссыз К к дыбысы

1 – жаттығу. Кк әрпін көркем жаз.

Кк


Кк

кк

кәл

кәлеңке

2 жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көркем етіп жаз.



---

---

---

---

---

3- жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жаз.

### Көбелек

Көбелектер көбейді, көлбеңдейді  
Ақырындап ұшады көлден бері.  
Біздер еккен гүлдерге қонып жатыр,  
Бақшамызға асығып келгендері.



---

---

---

---

---

---

---

---

4 –жаттығу . «Көңілді санамақтағы» санды тауып, сөзбен жаз.

### Көңілді санамақ

Баласына ж2 – ріп  
Ұрысып жатыр к2 –лік  
2-леніп, с2-ріп,  
Алып қапсың 2-лік ,  
2-ншілей 2–нді,  
Көрсетпе деп ж2-ді.



---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



## 15 сабақ Дауыссыз Қ қ дыбысы

1 – жаттығу. Қ қ әрпін және сөздерді көркем жаз.

Қ қ

Қ қ

қобыз

аққала

2 – жаттығу. Кім жаңылмайды? Жаңылтпаш жаңылдырады.  
Жаңылтпашты жатқа жаз.

Қыс қатты – ақ  
Қыспаққа ап.  
Құс тоңып жүр,  
Қыстап қап



3 – жаттығу. Мына сөздерге қ және ғ әріптерінің тиістісін қойып көшіріп жаз.


Қала..., пара...ы, шал... ы, жары...ы, тауы..., халы..., жасты...ы,  
ынтыма..., қас...ыр, ...ұрт, қарлы...аш, досты...ы.

4 –жаттығу. Венн диаграммасын толықтыр.

қыс

ортақ қасиеті

көктем



5 –жаттығу. Мәтінді оқып, тыныс белгілерін қоя отырып, көшіріп жаз.



### Қыста

Қайрат пен Қали киінді олар шаналарын алып сыртқа шықты қар жапалақтап жауып тұр аздап аязды жел соғады мұзды алаңда бір топ бала шанамен сырғанап жүр қарлы далада ойнаған қандай қызық!

---

---

---

---

---

---

---

---



## 16 сабақ Дауысты П п дыбысы

1 – жаттығу. Пп әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Пп

Пп

парта

парақ

2- жаттығу. «Адасқан буындар» берілген буындардан сөз құрастырып жаз.



---

---

---

3- жаттығу. Жаңылтпашты жылдам оқып, көшіріп жаз.

Пеш үстінде бес мысық,  
Бес күзетші, бес пысық.  
Тышқан ұстап жемесе,  
Бола қоймас еш қызық.



---

---

---

---

---

---

4-жаттығу . Көп нүктенің орнына п, б әріптерінің тиістісін қойып жаз. Жазылуын есіңе сақта.

бап—ба...ы

топ—то...ы

қап— қа...ы

шөп—шө...і

сап—са...ы

доп—до...ы

---

---

---

---

---

---



### 17 сабақ    Дауыссыз Сс дыбысы

1 – жаттығу.    Сс әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Сс

Сс

сағат

саналмақ

2- жаттығу.    Жұмбақтардың шешуін тауып, көшіріп жаз.

#### Жұмбақ

1. Сырт—сырт соғады  
Уақыт озады.

--	--	--	--	--

2. Жылт—жылт етеді,  
Жылғалардан өтеді.

--	--

---

---

---

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу. Мына сөздерге жұрнақ жалғап жаз.

Оқу, талап, сый, бала, қой, еңбек, дәрі, жазу, көл, талап.

---

---

---

---

---

---

4 – жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, көркем етіп көшіріп жаз.

Су — тіршілік нәрі. Біздің өмірімізде, тіршілігімізде судың маңызы аса зор. Адам тамақсыз бір айға дейін шыдай алады. Ал сусыз үш күнге ғана шыдайды екен.

---

---

---

---

---

---

---

---



## 18 сабақ Дауыссыз Т т дыбысы

1 – жаттығу. Тт әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Тт

Тт

талап

терең

2 – жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

Тазалықты іздесең,  
Мөлдір судан аласың.  
Жиі-жиі жуынсаң,  
Аппақ таза боласың.




3– жаттығу. Жұмбақты шешуін тауып, көшіріп жаз.

Аузы жоқ, көзі жоқ,  
Тілі жоқ, сөзі жоқ.  
Бірақ та тісі бар,  
Басыңмен ісі бар.

Шешуі: ( )

4– жаттығу. Дұрыс жауапты қызыл түспен боя. Бояуды сызықтан шығармай біркелкі орындауға үйрен.



1. Зат есім сөзді тап:




2. Қимылды білдіретін сөзді тап:



3. Жалқы есімді тап:



4. Сан есімді тап:





## 19 сабақ      Дауыссыз Ф ф дыбысы

1 – жаттығу.      Ф ф әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Ф ф  
Ф ф  
фонтан  
футбол

2- жаттығу. Жұмбақтардың шешуін тауып, көшіріп жаз.

### Жұмбақтар

- а) Қыста дем алып, жазда тынбайды,  
Көкке атылып, жерге құлайды.

Шешуі: (.....)

- ә) Өңкей сығай екі топта,  
Таласып жүр бір допқа.

Шешуі: (.....)

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

3- жаттығу      Зат есім мен етістік сөздерінен сөз тіркесін жасап, көркем етіп жаз.  
Фархат, телефон, футбол, фанар, фабрика.

---

---

---

4- жаттығу. Сурет бойынша мәтін құрап жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---



**20 сабақ      Дауыссыз Х х дыбысы**

1 жаттығу .    Х х әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

*Х х*

*Х х*

*хат*

*хабар*

2 жаттығу. Батаны жатқа жаз.

**Бата**

Өзіңе-өзің кәміл бол,  
Халқыңа әділ бол.  
Жауыңа қатал бол,  
Досыңа адал бол.



---

---

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу . Мақалдың сыңарын оң жақтан тауып жаз.

1. Ел басы біреу
2. Әркімнің өз туған жері
3. Жақсының аты өлмейді,

Мысыр шахары.  
ғалымның хаты өлмейді.  
халқы оған тіреу.

---

---

---


---

---

---

4- жаттығу. Өлеңді түсініп оқи отырып, көшіріп жаз.

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап тоқы көңілге



5 – жаттығу. Ата-әжеңе арнап хат жаз.

---

---

---

---

---

---



## 21 сабақ Дауыссыз **Һ һ** дыбысы

1 – жаттығу. Һ һ әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.

Һ һ

Һ һ

жиһаз

қаһар

2- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

Кітапқұмар Қа...арман  
Таппай бүкіл ша...ардан,  
Аттай қалап «Қа...арды»  
Сұрап алды Гау...ардан.

3- жаттығу. Мына сөздерді буынға бөліп жаз және жазылуын есіңе сақта.

Айдаһар, қаһарман, жиһаз, Гүлжауһар, жиһангер, жиһангез.

4 – жаттығу. Қанша сөз құраймыз: «Қаһарман» сөзінен мағыналы сөз теріп жазу.

1.

4.

7.

2. 5. 8.  
3. 6. 9.



**22 сабақ Дауыссыз Шш, Щщ дыбыстары**

1-жаттығу. Шш, Щщ әріптерін және сөздерді көркем етіп жаз.

2-

Шш  
Щщ  
шашу  
тұщы

жаттығу. Мақалды жатқа жаз.

Алыс пен жақынды жортқан білер,  
Ащы мен тұщыны татқан білер

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3 – жаттығу. Щ әрпі бар сөздерді ішіне, ш әрпі бар сөздерді сыртына жаз.

Шеге, щётка, шалқан, борщ, шапан, тұщы, шашу, плащ, шақпақ, ащы, бұршақ, шаңғы.

**Ішіне**

**сыртына**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

4 - жаттығу. Өлеңді түсініп оқы. Ащы сөздерін қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

Пиязды ашшы дейміз бе,  
Әлде ащы дейміз бе?  
Есікті ащы дейміз бе,  
Әлде ашшы дейміз бе?  
«Ашшы», «ащы» дегеннің  
Мәнін ашып берер кім?  
«Құйрықты щ» жөнінде  
Көңіл қой да, мынаны ұқ:  
«Ащы», «тұщы» сөзінде  
Қолданылар бұл әріп.

---

---

---

---

---

---



23 сабақ

## Дауыссыз Б б дыбысы

1 жаттығу . Бб әрпін және сөздерді көркем жаз

Бб

Бб

бала

бата

2 жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз .

### Жаңылтпаш

Бүлдір, бүлдір, бүлдіршін ,  
Бұл бір қызық бүлдіршін .  
Білгірлігін білдірсін.



3 – жаттығу . Мына сөздерге дыбыстық талдау жаса

Бал, бата, балық

Үлгі : б – дауыссыз, ұяң. а- дауысты, жуан. л- дауыссыз, үнді

4 – жаттығу. Орны ауысып берілген сөйлемдерден мәтін құрастырып жаз.

Ел егiнiн жинай бастады. Жиi – жиi салқын жел тұрады. Құстар жылы жаққа ұшып барады. Қоңыр күз айы келдi. Күн салқындады. Қамбамыз астыққа толды. Күз – молшылық айы.



24 сабақ

Дауыссыз В в дыбысы

1 – жаттығу. Вв әрпiн және сөздердi көркем жазу

Вв

Вв

вокзал

вагон

2- жаттығу. Өлеңдi жатқа жаз

### Волейбол

Допты жерге түсiрмей

Қағып ал да, досқа бер.

Ол өзiңе қайырып :

«Қарсы жаққа таста», - дер –




3 – жаттығу. в әрпі бар сөздерді ішіне , ф әрпі бар сөздерді сыртына жаз .

фабрика, завод, волейбол, фонтан, фамилия, трамвай


**Ішіне**

**сыртына**



4 – жаттығу. Тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрастыр

Автобус, қария, көмектесу, отырды, бала, алғыс





25 сабақ

Дауыссыз Г г дыбысы

1 – жаттығу. Гг әрпін және сөздерді көркем жазу

Гг

Гг

егін

гүл

2 – жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып ,көшіріп жаз

### Жұмбақ

Өзі сондай нәзік  
Су құйсаң кетеді,  
Алақанын жазып.

Шешуі : ( )

3 – жаттығу. Өлеңді жатқа жаз және үш буынды сөздерді буынға бөліп жаз.

Біз доспыз гүлдермен,  
Текке оны жұлмаймыз.  
Той күні бір – бірден  
Анаға сыйлаймыз.



4 – жаттығу. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз .

Гүл, ектік, аулаға, біз .  
Әлихан, жасады, үйшік, құстарға.  
Көк, бастады, жерге, қылтия.



26 сабақ

Дауыссыз Ғ ғ дыбысы

1 – жаттығу. Ғғ әрпін және сөздерді көркем жаз

Ғғ

Ғғ

ғалым

ғарыш

2 – жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жаз .

**Мен ғарышкер боламын**

Аспан, аспан, арайлым,  
Саған жиі қараймын.  
Сені көзбен шоламын,  
Мен ғарышкер боламын.  
Ғарышкер мен де боламын ,  
Боламын десем боламын .



---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу. Мына сөздердің жазылуын есте сақтап , көшіріп жаз.

Тоғжан, қолғап, сағым, дағдарыс, бағлан, ағым, лағыл, ғарыш.

---

---

---

---

---

---

---

---

4 – жаттығу. Нүкте орнына тиісті әріптерді қойып, мәтінді көшіріп жаз.

...айша мен ...алым жазда на...ашыларына барды. На....ашылары қатты  
қуанды. Балалар да мәз – мейрам. Олар на...ашыларының егіндерін  
суару...а көмектесті.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



27 сабақ

## Дауыссыз Д д дыбысы

1-жаттығу. Дд әрпін және сөздерді көркем жаз.

Дд

Дд

дана

дала

2 – жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

### Добым менің

Добым менің, добым менің,  
Өзің неткен көңілді едің.  
Зымырайсың, қутыңдайсың,  
Бірақ менен құтылмайсың.



3 жаттығу. Мына бұлттардың ішіндегі табиғат тілашарына жататын сөздерді көк түспен боя.

кітап

найза-  
ғай

жел

бұлт

доп

жаң-  
быр

тауық

4 – жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.



---

---

---

---

---

---

---

---



## 28 сабақ Дауыссыз Ж ж дыбысы

1-жаттығу. Ж ж әрпін және сөздерді көркем жаз.

Ж ж

Ж ж

жалау

жайлау

2- жаттығу . Жыл мезгілдеріне байланысты ай аттарын және өлеңді көшіріп жаз.

Қыс айлары :

Көктем айлары :

Жаз айлары :

Күз айлары :

### Маусымдар

Қыс құнар береді,  
Көктем дән себеді.

Жаз баптап өсірсе ,  
Күз жинап тереді.

3- жаттығу.      Өлеңді мәнерлеп оқып, көркем жаз.

Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр,  
Жау егіннің көгі өссін.  
Сұлудай бұраң құрақты,  
Айдын шалқар көл өссін!

4 – жаттығу. «Жау, жаңбыр» тақырыбы бойынша мәтін жаз.





## 29 сабақ Дауыссыз З з дыбысы

1 – жаттығу. Зз әрпін және сөздерді көркем жаз.

Зз  
Зз  
Зз

қаз

зәулім

2- жаттығу. Жұмбақ өлеңнің шешуін тауып, көшіріп жаз.

### Жұмбақ өлең.

Көлден ұшты он бір қаз,  
Қайтып қонды екі қаз.  
Қонбады оның нешеуі?  
Қане, кім тез шешеді?

3 – жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

Мен жүзіммін , жүзіммін,  
Күзде пісіп жетілдім.  
Пісіп тұрған шағымда,  
Алар екен үзіп кім ?



---

---

---

---

---

---

---

---



4 – жаттығу. Өлеңді оқып, өз ой-пікірді жаз.

### Кішіге қамқор бол!

Келеді сәби көшеде,  
Итеріп оны қалма, сен!  
Ойыншық, кәмпит, кесе ме-  
Қолынан тартып алма, сен!  
Кішіге күшің көрсетіп,  
Жәбірлеп оны ұрма сен!  
Кіші өсер ер жетіп.  
Үлкендік оған қылма сен!



---

---

---

---

---

---

---

---



4 – жаттығу. «Көк лағым» тақырыбына сипаттау мәтінін жаз.



**31 сабақ      Дауыссыз М м дыбысы**

1 – жаттығу.      Мм әрпін және сөздерді көркем жаз.

*М м*

*М м*

*малта*

*мақта*

2 – жаттығу. Адасқан дауыссыз дыбыстардың орнын тауып, көркем жаз.



Ұяң дауыссыздар :

Үнді дауыссыздар :

Қатаң дауыссыздар :

3- жаттығу. Адамгершілікке арналған үш сауаптың мағынасын мұғалімнің көмегімен түсін және көшіріп жаз .

1. Шөлге құдық қазған сауап.
2. Өзенге көпір салған сауап.
3. Жолға ағаш еккен сауап.

4 – жаттығу. «Менің мектебім» тақырыбына мәтін құрастыр.



## 32 сабақ Дауыссыз Н н және ң дыбысы

1 – жаттығу. Н н және ң әріптерін және сөздерді көркем жаз.

Н н

Н н

нан

нар

2- жаттығу. Сөздерді буынға бөліп , көшіріп жаз.

Жауынгер, теңбіл, кемеңгер, жаңылтпаш, көңілді, алтын, мөңіреді, аңдар, дихан, үзеңгі, қаңбақ, жаңбыр, маңырады.

---

---

---

---

---

---

3- жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып , көшіріп жаз.

Нан ардақты адал ас ,  
Кәрі- жас оны аттамас.  
Ақ дастархан үстінде,  
Қол жумай оны ұстамас.



---

---

---

---

---

---

---

---

4 жаттығу. Өлеңді жаттап ал.

Нан анасы- бидаймын  
Елге астық  
сыйлаймын. Дәнім  
төмен піскенде,



5- жаттығу. «Нан еңбекпен келеді» тақырыбы бойынша шағын мәтін жаз.

Тірек сөздер : тұқым, диханшылар, дастарханға, бидайдан, еңбек, орады, нан, молшылық.

---

---

---

---

---

---


---

---



## 33 сабақ Дауыссыз Р р дыбысы

1- жаттығу . Рр әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.



2- жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Ара барда - бал бар,  
Бал барда – ара бар,  
Балалар, арадан бал ал!



---

---

---

---

---

3 – жаттығу. Мына сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Қар, арпа, нар, гүл.

Үлгі: қ – дауыссыз, қатаң. а- дауысты, жуан. р- дауыссыз, үнді

---

---

---

---

---

4 – жаттығу. Көп нүктенің орнына төлдердің атын қойып, көшіріп жаз.

Қой баласы ... .

Сиыр баласы ... .

Жылқы баласы ... .

Түйе баласы ... .

Ешкі баласы ... .

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



### 34 сабақ    Көркем етіп жазайық

1 – жаттығу.    Қазақ әліпбиін ретімен көркем етіп жаз .

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

2-жаттығу.    Мақалдардың жалғасын тауып, көшіріп жаз.

1. Туған жер - алтын ... .
2. Отан - оттан да ... .
3. Отан үшін отқа ... ..

---

---

---

---

---

---

3 – жаттығу.


«Білімді» деп аталатын күннің сәулесіне сөздер жаз. Білімді күннің көңіл- күйін көрсет. Түсін қандай бояуға бояр едің?

«Білімсіз» деп аталатын күннің сәулесіне сөздер жаз. Білімсіз күннің көңіл- күйін көрсет. Оның түсін қандай бояуға бояр едің?


### Саған қай күннің шуағы ұнайды?

Не үшін?

Білімді



Білімсіз



4 – жаттығу. «Жайдары жаз» тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрап жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«ӨРКЕНИЕТ» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БАСПАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
ИЗДАТЕЛЬСТВО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЦЕНТРА «ӨРКЕНИЕТ»**



Электрондық почта: [kabinet-2020@mail.ru](mailto:kabinet-2020@mail.ru)

Байланыс телефоны:

87768438855

87051526879

87752577768